



bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Балтабай Әбділов «Жақсы мен жаман»

Балтабай Әбділов «Жақсы мен жаман»

Дихан атызға бір түп гүл әкеліп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған ол күнен күнге тамыр жайып, гүлдене өсе береді. Гүл бірінші – күннің нұрын, екінші – мөп-мөлдір суды, үшінші – таза ауаны сүйетін. Ол осынау тіршілік иесі болғанына, өзін әкеліп отырғызған адамғаөте риза болды. Бір күні:

- Әй, сен көп асқақтама! Өмірге келгеніңе өкінетін боласың, — деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, дәл төменде түрі ұсқынсыз бір шөп басын қылтитып тұр екен. Гүл ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті, қасындағы біршама үлкендігі бар екінші гүлге басын сүйеді.

- Жабырқама, сабыр ет! Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Бір басынан басқаны ойламайтын жауыз шөп. Одан әлі – ақ құтыламыз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Жас гүлдің көңілі біраз көтеріліп қалды. Әлгі гүлдің айтқаны рас болып шықты. Ертесіне он жастағы бір бала келді де, арам шөпті жұлып тастады. Гүл қайта құлпырды. Өмірде жақсылар да, жамандар да, бар екен.